

**Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қазандағы "Павлодар облысы әкімдігінің көлік және автомобиль жолдары саласындағы кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" № 223/5 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 91/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 сәуірде № 7237 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 27 қазандағы "Павлодар облысы әкімдігінің көлік және автомобиль жолдары саласындағы кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы" № 223/5 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6996 болып тіркелген, 2020 жылғы 29 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі қазақ тілінде жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:".

2. "Павлодар облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасарының міндетін атқарушысы А. Қ. Байхановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК